

процесс присоединения Казахстана к России, который внес огромное множество изменений в жизнь казахского народа. В множестве споров о том, в каком направлении следует двигаться казахскому обществу в данной непросто сложившейся исторической ситуации, просветитель занял свою особую идейно-политическую позицию, в которой он старался последовательно придерживаться своей многогранной практической деятельности.

И. Алтынсарин умер в 1889 г., всего лишь в 48 лет.

Но то, что он сделал за эти короткие годы навсегда увековечило его имя. Алтынсарин потратил много сил и энергии на открытие ремесленных и сельско-хозяйственных училищ, придавал исключительное значение подготовке из среды коренного населения специалистов, необходимых для экономического развития Казахстана. Благодаря ему улучшилось и появилось образование. Создал школы и библиотеки шагом к культуре и просвещению. Он вкладывал себя в процесс создания и воплощение своих задумок. Он делал это все это с благими намерениями не имея корыстных целей [8].

Посвятил часть себя для создания школ и училищ, преодолевая все трудности и не опуская руки в сложные периоды он воплотил в реальность свои стремления. Он просветил казахский народ культурой и духовностью. Благодаря ему улучшилась грамотность среди населения. Все его труды, все то что он делал и создавал было исключительно для народа и тем самым он сделал огромный вклад в будущее для молодежи и все его старания были не напрасны. Даже в своем завещании оставил принадлежащие ему земли в пользование сельскохозяйственной школы Торғая.

### Список литературы

1. <https://ru.wikipedia.org> – Википедия свободная энциклопедия.
2. **Закон РК «Об образовании»** – Алматы, 2006.
3. **Н.А. Назарбаев** Стратегии «Казахстан 2050».
4. **Алтынсарин, И.** Собр. соч. в 3-х томах: Т.1. – Алма-Ата, 1975. – 359 с.
5. **Алтынсарин, И.** Собр. соч. в 3-х томах: Т.2. – Алма-Ата, 1975. – 423 с.
6. **Назарбаев Н.А.** Казахстанский путь. – А, 2007.
7. **Ситдыков, А.С.** Педагогические идеи и просветительская деятельность И. Алтынсарина. – Алма-Ата: Мектеп, 1968. – 148 с.
8. **«Приходите, дети, учиться!»** / Казахстанская правда / Жарас ЕРМЕКБАЙ 12.07.2013 год.

ӘОЖ 37.01

### ТАРИХ. ЫБЫРАЙ. МҰРАЖАЙ

**Сәрсекей Г. Қ.** – Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Торғайдың Жангелдин мұражайлар кешені» КММ-СІ басшысы.

*Мақалада Торғай өңірі ақындардың, әншілермен күйшілердің, жыршылардың туын тіккен қасиетті жері туралы айтылады. Ыбырай Алтынсариннің ұлы ұстаз, педагогтің көзінің тірісінен бастау алған 1864-1895 жылдар аралығында Торғай облысы бойынша ашылған мектептер саны мен түрлері көрсетіледі.*

*Түйінді сөздер: Торғай, мектеп, білім, педагог, ағартушы.*

Торғай – киелі жер, текті мекен! Торғай тарихы тым көне, атауы қалың елі тыныс-тіршілігімен әр кезең үндесіп жатқан. Ел тарихына қатынасты көптеген оқиғалар осы өңірде өткен.

Торғай қаласының іргетасы 1845 жылдың 22 шілдесінде қаланды. Торғай қашаннан қала атануы әскери губернатордың жоғарыдағы жарлық негізінде жатса керек.

Қалада бекініс негізі, алдымен казарма салынған. Кейінгі аласапыран ұрыстар салдарынан құлаған казарма кірпішінен 1931-32 жылы Торғайда халық «Қызыл бәлнес» атап кеткен үлкен аурухана салынады.

Алты көшелі қаланың терістігінде, алыстан көрінетін үлкен күмбезді шіркеуі болыпты. Үш көше тоғысатын қала орталығында алаң болған. Мұнда қала зиялыларымен татар саудагерлерінің үйлері орын тебеді. Губернияның әкімшілік үйі, қазыналық банк қаланың түскей беті, өзен жағасында орналасқан. Жәрмеңке алаңында осы бетте, қаладан оқшалау оңтүстігінде. Мешіт қаланың батыс беткейі, орталық тұсынан кейінірек салынады. Қаланың алғашқы тұрғындары «қарашекпенділер» орыс босқындары мен атты казактардан тұрған. Оларға ілесе саудагер татарлар көптеп келіп орналаса бастайды. 1855 жылы Торғайда бірінші гильдиялық көпес Жаушевтердің / Яушев/ сауда орындары ашылады.

1876 жылы қалада 570 тұрғын болса, 1902 жылы тұрғындардың саны 1180 жетеді. Торғайдың ресми түрде қала атануы 1868 жылы болса керек, оған дейін Торғай бекінісі немесе Орынбор бекінісі

аталып келген. Ы.Алтынсариннің мектеп ашуына орай оқу-ағарту ісі де дами бастайды. Халқымыздың аяулы ұлдарының бірі Ы.Алтынсарин 1864 жылы Торғайда тұңғыш рет мектеп ашады. Қаланың байырғы тұрғындары қатарында ағартушы ұстаз Алтынсариннің, губернатор Яковлевтың, дәрігер Гориннің, мал дәрігері Штангельдің, медбике Соколованың есімдері қатар аталады. Ы.Алтынсариннің басшылығымен кәсіптік училище, қыздар мектебі ашылады. Торғай кәсіптік училищесінде кезінде Ә.Жангелдин, қыздар мектебінде Н.Құлжанова мен А.Досжановалар оқыған. Торғай жәрмеңкесі тұңғыш 1890 жылы 20 мамырда өтіпті. Жәрмеңке алаңы жоғарыда сөз болғандай, қаланың оңтүстігінде өзен иірімінде екен. Жәрмеңке Ресей Қазақ елімен қоныслас қалаларынан орыс көпестері мен татар саудагерлері тең-тең мата, қант, жәшік-жәшік шайлармен келген. Ине, жіпке дейін солар әкеп тұрған. Түстіктен қазақ байлары отар-отар қой, үйір-үйір жылқы айдап әкеліп, базар сәнін келтіреді екен. Ақын, жыршы, әнші сияқты ел өнерпаздары да осындайда көпке танылыпты. Палуандар да жәрмеңке думанында күш сынасады.

«Сәтбай салған сара жол» бойымен Торғайға ағылған керуен тізбегі ғана емес, қаланың барша әлеммен сол кездегі ғылым жаңалығы – телеграф жалғасы да жалғастырып тұрған. Торғай – Ырғыз - Ақтөбе телеграф байланысы жұмыс істеп тұрған.

Осынау телеграф арқылы кезеңде А.Байтұсынұлы мен Ә.Жангелдиндер Петроградтағы Ленинмен де тура байланысқа шығады. Торғай тұрғындары жалғыз сымды телеграф байланысын алпысыншы жылдарға дейін көрді.

Ел тарихында Торғай атауымен қатар аталатын есім Ы.Алтынсариннің аты. Ұлы ағартушының барша творчестволық қызметі осы қаламен байланысты өтеді. Дала төсінде тұңғыш мектеп ашты. Екі сыныптық орыс-қазақ мектебі, кәсіби училище, қыздар мектебі. Қалада оқу-ағарту орындарының ашылуына Ы.Алтынсариннің нағашысы Шеген әулетінің көп көмегі тиді. Қазақ елінің бостандығы жолында күрескен Алаш көсемдері Ахмет Байтұрсынұлы пен М.Дулатов, Республиканың жер шаруашылығы халық комиссары Кәрім Тоқтабаевтар да Ыбырай мектебінен қанаттанады. Ыбырайдың «Кел, балалар, оқылық» уағызы, Ақаң мен Жақаңның «Оян, қазақ!» ұранымен осылайша сабақтастық тапты.

Елдегі көптеген тарихи оқиғалардың түпқазық, кіндігі де Торғай болған. Орыс патшалығының басқыншылық саясатына қарсы бас көтерудің, қарсылық білдірудің, құлдығына көнбейміз дегендей қыр көрсетудің де алғашқы белгілері Торғайда туындаған.

1916 жылы Торғайлықтар атқа қонып, үлкен бүлікті бастайды. Қазақтан қара жұмысқа адам алу туралы патша жарлығы ел ішінде толқу туғызады. Бұл кезде Ақаң мен Жақаңдар туған жерден тысқары Орынбор, Семей жағында жүрген болатын. «Солдатқа адам бермейміз» деген көтерілісшілердің басшылары Әбдіғапар, Оспан, Амангелді мен Кейкі болды. Көтерісшілер солдатқа шақырғандардың тізімін өртеді. Әбдіғапар мен Оспанды хан сайлап алды. Торғайлықтар Ұлы Отан соғысы жылдарында да төңкерісшіл ерлік дәстүрлерінен танған жоқ. Отты майдан ортасында жауынгерлерді астықпен, киіммен қамтамасыз етті. Шағын Торғай ауданынан ғана майданға аттанғандардан 2184 адам туған топырағына оралмаған. Торғай өңірінің тарихи даңқына орай, мәдени мұрасы да баршылық. Ел тарихынан көрініс беріп, өткенді еске салар мұражайлар көптеп ашылды. Бүгінде көне Торғай қаласында сонау, ХҮІІІ-ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы кезіндегі ел қорғаған қазақ елінің бірлігі мен тұтастығы жолында күрескен халық батыры, тархан баһадүр бабамыз Шақшақ Жәнібек Қошқарұлы тарихи мұражайы, қазақ даласына тұңғыш мектеп ашқан, елді сауаттылыққа шақырған Ыбырай Алтынсариннің мемориалды-педагогикалық мұражайы, ел перзенті Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының әдеби мұражайы.

Торғай даласында мәдениеттің дамуы ХІХ ғасырдың орта кезінде жаңаша бастау алды. Оған ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің келуі тікелей себепші болды. Қалада сауда орындары, шіркеу тағы басқа әсем үйлердің бой көтеруі Торғай даңқын арттырып, сәулеті мен дәулетін де көркейте түсті.

Сонымен қатар Торғай өңірі ақындардың, әншілермен күйшілердің, жыршылардың туын тіккен қасиетті жер.

Келешекте Торғай даласы даңқы әлемге жайылған гүлденген жерге, өнері өрге басқан бақытты елге айгалатындығына еш күмән жоқ. Торғай жерінің, елінің текті де киелі қасиеті тарих бетінен өшуі мүмкін емес. Әлі де халқын сүйсіндіретін ер де, ділмар шешен де, көмейінен жыр да, ән де, күй де төгілген ақындар да, жыршылар да, әншілер де, күйшілер де шығатыны сөзсіз. Ұрпақ тағлым алар қасиетті істер өмірге келетініне күмән жоқ.

Халқымыздың аяулы ұлдарының бірі Ы.Алтынсарин 1864 жылы Торғайда тұңғыш рет мектеп ашады.

1860 жылы облыстық басқарма Ыбырай Алтынсаринге Орынбор бекінісінде /Торғай қаласында/ қазақ балаларын оқытатын бастауыш мектеп ашуды жүктейді. 19 жасар Ыбырай Торғайға келіп мектеп ашу үшін үш жылдай қаражат жинайды. Қаражат жинау оңайға соқпайды. Оған атымтай жомарттық көрсеткен нағашысы Шеген би басталған игі жақсы адамдар болды. Құрылыс материалдарын Аманқарағайдан тасиды. Мектептің ірге тасын қалап 1863 жылдың күзінде ашпақшы болғанда, көре алмаушылықтың салдарынан мектеп өртеніп, оны қайта қалпына келтіруге тура келеді. Қиындыққа мойынсынбаған Ыбырай өзінің табандылығының арқасында көптен күткен арманына 1864 жылдың 08-

қаңтарында қол жеткізеді. Үш жыл уақыт бойы мектептің ұйымдастыру жұмысымен қатар, балаларды оқыту үшін оларға орыс графикасында қазақ алфавитін құрастырып оқулық жаза бастап, үш – төрт оқушыны үйінде орысша оқыта бастайды. Алғашқы ашылған мектепке 14 бала тартылады. Ыбырайдың өз қолымен қалап ашқан мектебі халыққа 1864-1964 жылға дейін бір ғасыр бойы қызмет етті. Кеңес дәуіріндегі солақай саясаттың салдарынан ескі ғимараттардың бәрі бұзыла басталғанда бұл мектепте бұзылды. Ширек ғасыр өткеннен кейін төмпешік болып жатқан мектептің орнын қайта қалпына келтіру үшін 1988 жылы Ыбырай ашқан мектептің 125 жылдық мерей тойы қарсаңында Ыбырай мектебінің ұстаздары мен түлектері халыққа үндеу тастап Торғай елі қолдап, мектеп қалпына келтіріліп, сол жылдың күзінде Ыбырай мұраларын насихаттау мақсатында Ы.Алтынсарин атындағы мемориалды – педагогикалық мұражайы болып ашылды.

Алтынсарин қазақ даласында мамандыққа үйрететін арнаулы оқу орындарының да негізін салды. Ол орта шаруа отбасыларының балалары үшін Торғайда 1883 жылы қолөнершілер училищесін ашты. (алғашқы уақытта бұл мектепте токарлық-ағаш өңдеу, киім тігу өнері үйретілді. Сонымен қатар, бір кластық мектептің программасы бойынша оқу пәндері жүргізілді. Кейін бұл училищенің оқушылары көбейтіліп, онда темір ұсталығын үйрету жұмысы да енгізілді.), онан кейін әйелдердің қолөнер мектебін, екі кластық училищелердің жанынан қолөнер үйрететін кластар ұйымдастырылды.

Ыбырайдың ұйымдастырушылық қабілетімен қатар ағартушы, ұстаздығы үш сатылы білім жүйесімен (бастауыш, орта, жоғары сатылары) насихатталады. Қазақ әйелдеріне білім беру ісі де Алтынсарин есімімен тығыз байланысты. Қазаққыздарына арнап интернаты бар арнаулы мектеп ашылады. Ол патша әкімшілігінен Торғай облысының барлық уездерінде қыздар училищелерін ашуды өтінеді. Екі жылдан соң интернаты бар қыздар училищелерін 1891 жылғы Торғай қаласында, 1893 жылы Қостанайда, 1895 жылы Қарабұтақ поселкасында және 1896 жылы Ақтөбеде ашуға рұқсат етіледі. Осылайша өзінің көзі тірісінде 4 орталық екі класстық орыс-қазақ училищесін, бір кәсіптік, бір қыздар училищесін, бес болыстық мектеп және орыс қоныстанушылар үшін екі училище ашудың сәті түседі.

1886 жылғы арнайы жазылған «Болыстық қазақ мектептері жайындағы хатында» бастауыш мектептердің аса қажет екенін және оларды барлық жерлерде салу керек екенін айтады. Осы жылы болыстық мектептер ашу жөніндегі өтініштерін облыс басқармасының алдына талап етіп қояды және рұқсат алып бір жылдан сәл артық уақыт ішінде сол уезде 5 болыстық мектеп ашылды. Торғайда /Қараторғай/, Ырғызда /Қарабұтақ/, Николаевта /Обаған және Жетіқара/, Електе, сондай-ақ Қостанай және Ақтөбе қалаларына мектептер ашылады. Ақындығы мен жазушылығы хрестоматияда жазылған өлеңдері мен шағын әңгімелерінен көрініс табады. Ыбырай өлеңдері жыл мезгілдері мен табиғатқа арналса, әңгімелері балаларды еңбек сүйгіштікке, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелейді. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, ол ауыл-ауылды аралап қариялармен әңгімелесіп, олардың аузынан халық аңыздарын, мақал-мәтелдерді өлеңдерді жиі жазып алып, кейіннен 1879 жылы бір бөлігін «Қазақ хрестоматиясына енгізді»

Ыбырайдың этнограф, ғалым, фольклоршылығы қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпын дәріптеуге бағытталған. Оның қаламынан шыққан «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсі, той жасау әдет ғұрыптарының очеркі» және «Орынбор ведомствосы қазақтарының кісі жерлеу және ас беру рәсімдерінің очеркі» атты қос еңбегі бар. Қазір қазақы тірліктің бәрі түгелдей ата-баба нұсқаған нұрлы жолмен, тура, солға бұрылмай келе жатыр деп айқайлап айтуға, әрине, ертерек. Қазақстанның әр аймағында жарық дүниемен қош айтысқан адамды жерлеу, ас беруде, түрлі той рәсімдерін жасауда айырмашылық көп. Нақтылы жүйеден адасып қалғандаймыз. Алтынсариннің әйгілі очеркінің де маңызын, ерекшелігін, ұлттық ұлағатын мықтап ескере отырып, мұражай қызметкерлері ұрпаққа насихаттау жолында еңбек етіп келеді. Алтынсарин қазақ мерзімді баспасөзін алғаш жолға қоюшы да. Инспекторлық қызметінде жүріп ол қазақ газетін шығару туралы мәселе қойды. Бұл өтінішке «Қазақ» газеті деген атпен 1883 жылдың қаңтарында өз қолымен жазған алғашқы нөмірдің тексін ұсынады. Газет 4 беттен әрбір парақ екі қатардан тұрады. Бірінші бетте орыс әрпімен жазылған қазақша текст, екінші бетте қазақша текст. Газет «Өкімет жарлықтары», «ішкі жаңалықтар» және «шет ел жаңалықтары» деген бөлімнен тұрған. Екінші бөлімінде: таңсық әңгімелер, аңыз, әңгімелер жарияланған. Бұдан біз Ыбырайдың елінің жанашыры екендігін білеміз.

Ыбырайдың тағы бір қыры діндар кісі болғандығы. Алғашқы мектеп ашқанда балаларды

«Бір Құдайға сиынып,

Кел, балалар оқылық» – деп имандылықпен бастайды.

Келер ұрпаққа мұра етіп қалдырып кеткен кітабы «Мұсылманшылдықтың тұтқасы». Дүниеден өткенде өзінің қалдырып кеткен хатындағы «Менің жаназамды тоқсан тоғыз молда шығарсын деуінде де үлкен мән барын ұғамыз». Бұдан біз Ыбырай Алтынсариннің діннің де, ділін де, тілін де құрметтеген азамат екенін білеміз.

Ыбырай Алтынсариннің ұлы ұстаз, педагогтігі көзінің тірісінен бастау алған 1864-1895 жылдар аралығында Торғай облысы бойынша ашылған мектептер саны мен түріне тоқталса. Осы аралықта Ыбырай Алтынсарин 12 түрлі мектеп ашқан. Олар екі кластық орысша-қазақша училище, бір кластық қыздар училищесі, орысша-қазақша қыздар гимназиясы, бір кластық орысша училище, бір кластық

орысша-қазақша училище, бір кластық қолөнер училище, ересектерге арналған кешкі оқу класстары, ауылдық мектептер, ауылдық мектептер курсы қосылған орыс мектебі, шіркеу приход мектебі, шіркеулер сауат ашу мектебі. Бұдан біз Ыбырай Алтынсариннің қазақ халқының сауатын ашу үшін үлкен – кіші оқитын әр-түрлі жүйедегі мектеп, училище, гимназияларды ашып кеткендігін көреміз.

Ыбырай ашқан мектептер мен училищелер түлектері аттары алты алашқа әйгілі болған жерлестеріміз: Қорғанбек-Әбдібек Бірімжановтар, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Кәрім Тоқтабаев, Әли Жангелдин, Нұрғали мен Назипа Құлжановтар, Аққағаз Досжановалар. Қазіргі таңда Ыбырай арманының орындалғандығы Торғай төріндегі екі класстық орыс-қазақ училищесі екіге бөлініп біреуі-Ыбырай есімімен қазақ орта мектебі болса, екіншісі- –Н.Г.Иванов атындағы орыс орта мектебі болып аталды. Кезіндегі қолөнер училищесі кеңес дәуірінде кәсіптік-техникалық училище болды, қазіргі таңда Шоқан Уәлиханов орта мектебі болып аталады. Торғайда Ыбырай мектептерінің шамшырағы жағылуда.

Аудан орталығындағы Ыбырай Алтынсарин мұражайының әр залынан өлкенің зиялы қауымы пір тұтқан Ыбырай бастаған ұстаздар тізбегінің екі ғасырға астасып жатқан өлшеусіз құнды ісіне куә боламыз. Осы мұражайдағы әр залдан өлкенің зиялы қауымы пір тұтқан Ыбырай бастаған ұстаздар тізбегінің екі ғасырға астасып жатқан өлшеусіз құнды ісіне куә боламыз. Осы жердің өзге өңірден өнер мен білімге, мәдениетке жоғары деңгейге көтерілуіне Ыбырай жаққан білім шырағының маздағанына куә боласың. Нақтылай айтқанда Торғайдан мектепте білім алып, ғылым мен өнер әлеміне, әдебиет пен творчестволық үлкен деңгейге жеткен, қазақ деген халықтың даңқын асқақтатып, тұлғасын биіктеткен 100-ден астам ғылым докторлары мен кандидаттары, ондаған ақындар мен әнші жыршы, сазгерлері қанаттанғандығын осы мұражайдағы бай мұрағаттар мен құнды деректер толықтырады.

Мұражайдың әр залының өзіндік атауы бар. Мұражай тарихы, Шығыс жұлдыздары. Далалық оқу мен мұсылманша сауаттану, Ыбырайдың ата-тегі. Балалық шағы мен білім алған ордасы, Ыбырай ағартушы-педагог, баспагер және оның достары, Ыбырай ашқан мектептер тарихы, ізбасарлары мен шәкірттері, Ыбырайға тағзым немесе құрмет.

Мұражай Ы.Алтынсарин өмірі мен қызметін ғана емес, Қазақстанның халық ағарту ісі жүйесінің пайда болу және даму тарихын баяндайды.

Мұражай қызметкерлері Алтынсариннің өмірбаяндық деректерін, педагогикалық, шығармашылық, қоғамдық қызметтерін, халық ағарту саласындағы жетістіктерін жан-жақты насихаттауда еңбек етуде. Ұлы педагог-ағартушы Ыбырай Алтынсариннің мұраларын насихаттаудан ешқашан жалықпайық.

### Әдебиеттер тізімі

1. **Сыдықов Ә.** Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық пікірлері және ағартушылық қызметі. Алматы, 1950 ж.
2. **Ы.Алтынсариннің таңдамалы шығармалары.** Рауан, Алматы, 1991 ж.
3. **Ламашев Ә.** Ы.Алтынсарин. Алматы, 1991 ж.
4. **Ыбырай Алтынсарин.** Қазақ энциклопедиясы. Алматы, 2007 ж.
5. **Оспанұлы С.** Ұлы ұстаз ұлағаты. Қостанай, 2014 ж.
6. **Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық-мемориалды мұражайы.** Торғай, 2005 ж
7. **Ә.Абдуллин** Торғай тарихы Торғай, 2005 жыл

ӨОЖ 17.07.31.(91)

### ЫБЫРАЙ МҰРАСЫ РУХАНИЯТ ӨРІСІНДЕ

**Сүтжанов С. Н.** – филология ғылымдарының докторы, профессор, гуманитарлық жоғары ғылымдар мектебі, Павлодар педагогикалық университеті.

**Сарсенбаева Б. Ғ.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, педагогика жоғары мектебінің профессоры, Павлодар педагогикалық университеті.

**Курмангожаева Э. С.** – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Тілдерді дамыту орталығы, Алматы Менеджмент Университеті.

Мақалада Ыбырай Алтынсарин мен Алашорда қозғалысының көрнекті өкілдерінің ағартушылық бағыттағы ұстанымдары, ұлт мүддесі жолындағы ой-пікір үндестігі сөз болады. Нақтылай айтқанда, қазақ балаларын сауаттандырып, халқымызды алдыңғы қатарлы елдер санатына қосу сынды арман-аңсарларын іске асыру тұрғысындағы әрекеттері, заманауи мектептер ашып, көбейту, сөйтіп ұлттық идеяның ұрығын сеуіп, тәуелсіздікке ұласты қажырлы еңбектері тізбектелді. Мәселен, қазақтың тұңғыш педагог-жазушының қазақ даласында алғаш мектеп ашып, халық ағарту ісімен айналысуы Алаш зиялыларын ұлы мақсат-міндеттер жолына итермеледі әрі ұлтшыл-